

## «Жазғы қиялдар» республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1. «Ұрпақ+» мәдени-білім беру жобасының шеңберінде мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін «Жаздың әсем бояулары» республикалық интернет-байқаудың (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балалардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау, өз халқының мәдениетінің көркемдік-адамгершілік құндылықтарын игерту арқылы бала тұлғасын қалыптастыру.

3. Міндеттері:

1) балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, қолданбалы-сәндік өнерге деген қызығушылықтарын ынталандыру, жаңа идеяларды белсенді түрде іздеуге итермелеу;

2) дәстүрлі халық мәдениетін игеру процесіндегі бала тұлғасының шығармашылық қасиеттерін дамыту;

3) халықтық қолданбалы өнерге деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

### 2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау жұмыстары электронды түрде **2016 жылғы 30 маусымға дейін** [konkurs.fantasy@mail.ru](mailto:konkurs.fantasy@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

**2016 жылғы 30 маусымнан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2016 жылғы 10 шілдеде** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

7. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды мен пікірлер берілмейді.

7. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Жазғы қиялдар» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

9. Байқауға қатысу үшін [konkurs.fantasy@mail.ru](mailto:konkurs.fantasy@mail.ru) электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

### 3. Байқау талаптары

10. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 4-17 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша өткізіледі:

- 1) кіші жас тобы: 4-6 жас;
- 2) кіші жас тобы: 7-10 жас;
- 3) орта жас тобы: 11-14 жас;
- 4) жоғары жас тобы: 15-17 жас.

11. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) «киім дизайны»;
- 2) «қағаздан, картоннан, ағаштан жасалған бұйымдар»;
- 3) «сымнан, моншақтан және т.б жасалған бұйым»;
- 4) «жарма және дәннен жасалған аппликация»;
- 5) «құраған өсімдіктерден жасалған бұйым»;
- 6) «полимерлі саз балшықтан жасалған бұйым»;
- 7) «көркемдік кестелеу, тоқу, батик, макраме, шілтер тоқу, тоқымашылық».

Байқауға келесі талаптарға сәйкес келетін жұмыстар қабылданады:

1) бұйымды жасау барысындағы әр кезеңнің толық мәтіндік сипаттамасы мен суреттері;

2) қолданылатын материалдар мен құралдардың мәтіндік сипаттамасы (жұмыстарды өңдеуде орындау техникасы мен материалдардың түріне шектеу қойылмайды);

3) кез-келген сурет салу техникасында орындалған (акрилл, акварель, тушь, түсті қарындаш, бор және т.б.) А-4 пішіміндегі нобайлардың жиынтықтары немесе дайын жиынтықтардың фото суреттері, аяқталған бұйымның фото суреті немесе жасанды бұйым;

4) қатысушылар идеяларды Интернет желілерінен, кітаптар мен журналдардан алса болады, бірақ мәтін мен дайын жасанды бұйым авторлық және ерекше болуы керек.

12. Байқау материалдарын бағалау өлшемдері:

1) жұмыстың талғаммен безендірілуі;

2) жұмысты орындау және бейнені жеткізу ерекшелігі;

3) жаңа инновациялық технологияларды, материалдарды пайдалану.

13. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

14. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

облысы, аудан (қала), ауылы;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау және номинациясының аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс құралдары;

жетекшісінің аты-жөні.

15. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

16. Жалпы талап - балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтындағы «Акварель», «Галерея. Музей. Выставки» атты клубтар қауымдастығының мүшесі болып тіркелу қажет («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы).

#### **4. Байқауды қорытындылау**

17. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

19. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 303 («Жазғы қиялдар» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Орталық қызметі → Республикалық іс-шаралар → «Жазғы қиялдар» байқауы → әрі қарай).

**Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет-байқауға қатысу туралы ұсыным**

<b>Қатысушының аты-жөні Қатысушының жасы</b>	<b>Облысы, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының аталуы</b>	<b>Байқаудың, номинациясының, жұмыстың аталуы</b>	<b>Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)</b>	<b>Жетекшісінің аты-жөні</b>
1	2	3	4	5